

«№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК-ның жиналыс
ХАТТАМАСЫ

Атырау қаласы

17.02.2026 жыл

Өткізілген орны: «№7 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК ғимараты
(мекен-жайы: Атырау қаласы, Бейбарыс даңғылы, құрылыс 39)

басталу уақыты: сағ: 16:00

аяқталу уақыты: сағ: 16:45

Төрағалық етті: Емхана директоры Г.Танбаева

Отырысқа қатысушылар саны: 20 әкімшілік бөлім қызметкерлері

Күн тәртібі: Емханадағы 2026 жылға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар.

Жиналыстың мақсаты:

- Мекемедегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талқылау.
- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты күшейту.
- Қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыру.

Жиналыс барысы:

1.Жиналысты емхана директоры ашып, күн тәртібіндегі мәселеге тоқталды.

Денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың маңыздылығы және олардың мекемеде қандай шаралар арқылы жүзеге асырылатыны туралы сөз қозғалды.

2. Келесі сөз кезегінде емхана комплаенс офицері А.Кумарғалиева:

Денсаулық сақтау саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес өте маңызды және күрделі мәселе болып табылады. Жемқорлық, әсіресе, мемлекет тарапынан қаржыландыратын мекемелерде, медициналық қызметтерде және дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуде жиі кездеседі. Бұл саладағы жемқорлық пациенттердің денсаулығына қауіп төндіреді және халықтың медициналық қызметке деген сенімін төмендетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізудің бірнеше негізгі бағыты бар:

1. Құқықтық және нормативтік актілерді жетілдіру. Зандар мен ережелерді қатаң бақылау және оларды бұзу жағдайларына жаза қолдану. Құқықтық шаралар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін маңызды рөл атқарады.
2. Медициналық қызметтердің ашықтығын арттыру. Қызмет көрсету және сатып алу процесін жария ету, сондай-ақ мекемелердің қаржысы мен қызмет көрсету сапасын бақылауды күшейту.
3. Этика кодексі мен стандарттарды енгізу. Медициналық қызметкерлер үшін этикалық ережелерді нақтылау және қызметкерлер арасында адалдық пен кәсібилікті қалыптастыру.

4. Технологияларды пайдалану. Электронды денсаулық сақтау жүйелері мен электронды медициналық карталарды енгізу сыбайлас жемқорлықты азайтуға көмектеседі. Барлық мәліметтер жүйелі түрде жазылып, тексерілуі қажет.

5. Қоғамдық бақылау. Халықтың және қоғамдық ұйымдардың медициналық мекемелер мен қызметтердің сапасын бақылауы үшін мүмкіндіктерін арттыру.

6. Білім беру және хабардар ету. Медициналық қызметкерлер мен пациенттерді сыбайлас жемқорлықтың зияны мен салдары туралы оқыту және олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру.

Денсаулық сақтау жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек қана заңды шаралармен шектелмейді, сондай-ақ қоғамның қатысуы мен жауапкершілігін талап етеді.

3. Қорытындылар мен ұсыныстар:

- Қаржылық мүмкіндіктерді ескеріп, қызметкерлерге арналған тренингтер мен семинарлар өткізу.

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдау жүргізу үшін уақтылы арнайы комиссия құру.

- Жемқорлыққа қатысты хабарламалар мен шағымдарды қарауда шұғыл жұмыстарды әркез ұйымдастыру.

Қорытынды:

Жиналыс барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша бірқатар маңызды шаралар талқыланды, 2025 жылға арналған іс шаралар бекітілді. Алдағы уақытта осы мәселелер бойынша нақты әрекеттер қабылданады.

Төрайым:  Г.А.Танбаева

Хатшы:  А.Кумаргалиева